«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Шотаев Мади Турсынбековичтің «Қазақстан Республикасы Президенті архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937-1991)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертация Қазақстан Республикасының ғылымыи даму стратегиясына сәйкес келеді. Зерттеу 2023-2029 жылдарға арналған Қазақстандағы жоғары білім және ғылымды дамыту аясындағы зерттеулермен үйлесімді, бұл оның өзектілігін және практикалық маңызын арттыра түседі.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Ақпараттық телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар» және «Білім және ғылым саласындағы
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	

		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	зерттеулер» басым бағыттарына толық сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс отандық тарих ғылымына елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **<u>жоғары;</u>** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейі жоғары, ал оның нәтижелері Қазақстандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференцияларда жарияланған. Ізденуші 11 ғылыми мақала жариялаған, оның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті тарапынан ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 1 мақала Шығыс және Орталық Европа институтының жылнамасында, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында және 2 мақала «Жаңа архив» ғылыми-әдістемелік журналында жарияланған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбы отандық тарих

		1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	ғылымындағы саяси-идеологиялық бақылау барысында зерттелмей келген тарихымыздағы ақтаңдақтар, қарама-қайшылықтар мен келеңсіздіктерді терең зерттеуге мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары болып табылады. «Ерекше папкалар» құжаттарындағы материалдардың күнделікті тұрмыс тіршілікпен қатар жалпы саяси тұрғыдағы тарихын зерттеуде дереккөз ретіндегі маңызы зор.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны таңдалған тақырыпқа толық сәйкес келеді және оны жан-жақты ашады. Зерттеу барысында «ерекше папкалардың» құжаттары тарихи-архивтанулық тұрғыда жүйелі түрде қарастырылған. Жұмыстың құрылымы – кіріспе, теориялық-әдіснамалық бөлімдер, тәжірибелік нәтижелер мен қорытындылар – тақырыптың барлық аспектілерін қамтиды. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер мен жасалған тұжырымдар диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және оның мазмұндық өзегін нақты

			айқындайды. Осыған орай, диссертацияның мазмұны таңдалған тақырыппен толық үйлеседі және оның ғылыми мәнін ашуға бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен одан туындайтын міндеттері тақырыппен толық сәйкес келеді және оны іске асыруға нақты бағытталған. Зерттеу мақсаты - Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің 1937–1991 жылдардағы партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттарын тарихи дереккөз ретінде архивтанулық тұрғыдан талдау – диссертация тақырыбын дәл бейнелейді. Мақсатты жүзеге асыру үшін қойылған міндеттер: – партиялық архивтердің қалыптасуы және партиялық құжаттардың жинақталуы және архивтерде сақталуы, партиялық құжаттарды ғылыми айналымға енгізу және оларды пайдаланудың кеңестік және Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі ұйымдастырылуы барысын қарастыру; – «ерекше папка» грифінің пайда болу тарихнамасын талдау және

			атқарған ролін анықтау; – «ерекше папкалар» құжаттарына түрлік сыныптау (классификация) жүргізу; – «Ерекше папкалары» құжаттары тізімдемелеріне архивтік сипаттама жасау арқылы «ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талдау; – «Ерекше папкалар» құжаттары кешеніндегі істердің қалыптасу ерекшеліктерін қарастыру; – XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығын ондағы қарастырылған мәселелерді жүйелеу арқылы көрсету. Осылайша диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу логикасын сақтай отырып ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығын қамтамасыз етеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **<u>толық байланысқан;</u>** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері өзара үйлесімді байланысып, ғылыми негізделген дәйектілікке ие. Зерттеу жүйелу қағидатына сүйене отыра құрылып, кіріспеден, қысқартылған сөздер, анықтама, негізгі үш бөлім,

			қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер мен әдістемелік тәсілдер жүйелі түрде дәлелденген және олар бұрыннан белгілі модельдер мен тәжіріибелермен салыстырмалы түрде талданған.
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелертолығымен жаңа деп бағалануға лайық.Автор: - партиялық архивтердің қалыптасуынкезеңдеп, оны үш кезеңге бөліп қарастырады; - «ерекше папкалардың» пайда болу алғышарттарын ашып көрсетеді; - «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігі талданып, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар жасайды; - «Ерекше папкалар» құжаттар кешенінің істерінің қалыптасу ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырады;
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкаларда» қарастырылған мәселелер тақырыптық белгісіне қарай топтастырылып, жүйеленген. Бұл нәтижелер бұрынғы отандық зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылмаған және зерттеу объектісіне бейімделген жаңа ғылыми ережелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен ұсынылған тәсілдер өз саласында толығымен жаңа деп есептеуге болады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары өзінің ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді және зерттеу барысында алынған жаңа әдістемелік тәсілдер мен модельдік шешімдерге негізделген. Автор ұсынған еліміздің тарихындағы маңызды кезеңдерді қамтитын «ерекше папкалар» құжаттарының ақпараттық мазмұнына Қазақстан тарихын зерттеуде деректанулық және архивтанулық тұрғыдан жүргізілген кешенді түрдегі талдау – отандық ғылымда алғаш рет жүйелі түрде жасалған тұжырым. Қорытындыларда:
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			-Бүкілодақтық Коммунистік партияның құрамында Қазақстан Компартиясы ОК жұмысы негізінде пайда болған құжаттардың түрі, мазмұны, сақталу деңгейі сарапқа салынған; - Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы мен сипаттамасы берілген; - «Ерекше папкалардың» тізімдемелерінің архивтік қор қалыптастырудың ғылыми және әдістемелік нормаларына сәйкестігін талданған; - «Ерекше папкалар» құжаттар кешеніндегі істердің қалыптасу ерекшеліктері сараланған; Бұл қорытындылар бұрынғы зерттеулерде жан-жақты қарастырылмаған және жаңа ғылыми тәжірибелік бағыттардың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан, диссертация қорытындылары мазмұны мен ғылыми маңызы жағынан жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыс «8D03205 Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру
		1) **<u>толығымен жаңа;</u>**	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген/**негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденген және сенімді деректерге негізделген. - Зерттеу нәтижелері ғылыми қауымдастыққа таныстырылып, отандық және шетелдік басылымдарда жарияланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	7.1 қорғауға шығарылған негізгі қағидаттары толығымен дәлелденген; 7.2. тривиалды емес; 7.3. қағидаттар жаңа; 7.4. қолдану деңгейі кең; 7.5. Мақалада дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың басты мәселелері мен негізгі қорытындылары бойынша11 ғылыми мақала, оның ішінде 3 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті тарапынан

		7.3 Жаңа ма?	ұсынылған басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген журналда, 1 мақала Шығыс және Орталық Европа институтының жылнамасында, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинақтарында және 2 мақала «Жаңа архив» ғылыми-әдістемелік журналында жарияланған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **иә;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдіснама негізделген ғылыми талаптарға сай және зерттеу мақсаттарына толық сәйкес келеді. Ізденуші деректанулық, нақты-тарихилық, тарихи-салыстыру, тарихи-архивтанулық, дерекзтанулық зерттеулердің дәстүрлі әдістерін қолданған. Әдіснамалық негіздеме нақты көрсетілген: Автор қолданған әдістер мен тәсілдер зерттеу міндеттерін шешуге бағытталып, ғылыми нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **иә;**	
		2) жоқ.	

			Осылайша әдіснамалық база жақсы құрылымдалған, нақты және ғылыми тұрғыдан дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері компьютерлік технологияларды кеңінен қолдану, сонымен қатар деректерді өңдеудің және интерпрециялаудың қазіргі заманғы әдістемелерін пайдалану арқылы алынған. Ізденуші «ерекше папкалар» істер санының динамикасының өсу ретін компьютерлік технологияны қолдана отырып есептеген. Бұл тәсілдер алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін, нақтылығын және практикалық құндылығын арттырады.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста ұсынылған теориялық тұжырымдар, шешімдер, құрылымдық өзара байланыстар және заңдылықтар нақты эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденіп, тәжірибе жүзінде расталған. Бұл нәтижелер диссертациядағы теориялық ұстанымдардың өміршеңдігін және практикалық қолдануға жарамдылығын көрсетеді.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші Elsevier, Web of Science, Scopus базаларындағы халықаралық рецензияланатын ғылыми баспаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған мақалаларға сілтеме жасаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссетациялық жұмыста қамтылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбының теориялық және практикалық аспектілерін жан-жақты қамтиды. Автор отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін, халықаралық стандарттар мен нормативтік құжаттарды, сондай-ақ заманауи ғылыми мақалаларды кеңінен пайдалана отырып, әдеби шолуды мазмұнды және ғылыми негізделген деңгейде жүзеге асырған. Әдебиеттер арасында: - партиялық архивтер мен партиялық құжаттар бойынша іргелі зерттеулер;

			- архивтану, архив ісіне қатысты еңбектер; - деректану, дереккөздерді сыныптаужәне жүйелеу мәселелері туралы зерттеулер; - депортация, эвакуация туралы тарихи еңбектер қамтылған. Сілтемелер саны мен мазмұны диссертациялық зерттеу мақсаттарын дәлелді негіздеуге және ғылыми жаңалықтарды анықтауға толық мүмкіндік береді. Сондықтан пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми шолу жасау үшін жеткілікті әрі мазмұнды деп есептеледі.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызыбар. Зерттеуде ұсынылып отырған нәтижелері отандық архивтану және тарих ғылымдарының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдары мен принциптерін келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде пайдалануға болады.
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар, тоталитарлық жүйенің басқару механизмдері мен кеңестік
		1) **иә;**	

		2) жоқ.	басқарушы органдарда іс жүргізу әдістері, соның ішінде құпиялық режимді әр түрлі деңгейде пайдалануын жан-жақты ашып көрсету еліміздің кеңестік кезеңдегі тарихын зерттеуде, оқулықтар жазуда пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар мазмұны жағынан жаңалыққа ие, себебі отандық тарих ғылымында кеңестік кезеңдегі жоғары билік органдарының құпия құжаттары толығымен анықталып зерттеліп болған жоқ. Бұл зерттеу 1937-1991 жылдары Қазақстандағы жоғары билік органы болып табылған Қазақстан Компартиясы ОК-нің аса маңызды құпия құжаттарына заман талабына сай талдамасын қамтыған еңбек болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу деңгейі жоғары, жұмыс дербес әрі толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу нақты ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған, құрылымы логикалық тұрғыдан түсінікті. Ізденуші ғылыми стильді қатаң сақтап, терминологияны орынды қолданған.Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер барлық

			талаптарға сәйкес және диссертацияның мазмұны мен құрылымы PhD дәрежесін алу үшін қажетті рәсімдеу стандарттарына толық сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Ізденушінің ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Жарияланымдарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «ерекше папкалар» құжаттарын тарихи-архивтанулық тұрғыдан талдау мәселесі зерттеудің өзекті бағыты ретінде қарастырылып, «ерекше папкалар» құжаттарын тарихи дереккөз ретінде қарастырады. Автор өз еңбектерінде партиялық архивтердің құрылуы мен қызметін, партиялық құжаттардың пайда болуы мен сақталуын, «ерекше папкалар» құжаттарының құрамын, архивтік тізімдемелерінің рәсімделуін, «ерекше папкалар» істерінің қалыптасу ерекшеліктерін сипаттайды. Сонымен қатар, посткеңестік елдердегі партиялық құжаттардың ұлттық архив қорына интеграциялануы мен ғылыми

			айналымға ендіру мәселелері талданған, бұл зерттеудің ғылыми-практикалық құндылығын арттыра түседі.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Шотаев Мәди Тұрсынбекұлының «8D03205 – Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді қолдаймын.

Ресми рецензент:
Ш.Ш. Уалиханов атындағы
Тарих және этнология институты
Бас директорының орынбасары,
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты РМК * РГП на ПХВ Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК *

Мамандар
Специалисты

Тілеубаев Шамек Баянұлы
(қолы) *(аты-жөні)*